



МӘРТЕБЕЛІ МАНДАТ

Қазақстанның
БҰҰ-ға мүшелікке
қабылданғанына –
32 жыл!

5

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №19 (6470) 5 наурыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМДІЛІК ҚАҒИДАТЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы инвесторлар сенім артатын маңызды алаң

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен АХҚО Сотының жаңадан тағайындалған төрағасы лорд Ян Бернеттің ресми ант беру рәсімі өтті.

Ресми жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы бұл институттың коммерциялық дауларды шешуде елеулі қызмет атқаратынын атап өтті.

– «Астана» халықаралық қаржы орталығы инвесторлар сенім артатын маңызды алаң саналады. Осы орайда халықаралық стандарттарға сай тәуелсіз сот жүйесі бар АХҚО Соты негізгі рөл атқарады. Құрметті лорд Бернетт! Сізді осынау жауапты лауазымға тағайындалуыңызбен құттықтаймын! Сіздің кандидатураңыздың таңдалуы АХҚО сот жүйесінің тұрақтылық және сенімділік қағидадарын сақтауға бейіл екенін тағы да растайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент өз міндетін ыждағаттылықпен орындап, АХҚО Сотында қаралған әр істе әділеттілікті және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге күш салғаны үшін Соттың бұрынғы төрағасы лорд Джонатан Мансқа ризашылығын білдірді. Жиыннан кейін Мемлекет басшысы шараға қатысушылармен АХҚО Сотын және Халықаралық арбитраж орталығын еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін негізгі тәуелсіз институттар ретінде дамыту перспективасын талқылады. Бұдан бөлек, Президент дауларды шешуге қатысты халықаралық құқықтың үздік тәжірибесін енгізу, сондай-ақ заманауи технологияны, оның ішінде жасанды интеллектінің әлеуетін белсенді түрде пайдалану маңызды екенін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).



Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығы
Сот төрағасының ант беру рәсіміне қатысты

ЖЕР-АНА ТАҒЫ ДА ТОСЫН МІНЕЗ ТАНЫТТЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматыдағы жер сілкінісіне орай
жедел штабтың шұғыл жиынын өткізді



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев сағат 11.40-тан бастап жедел штабта жиналыс өткізіп, құзырлы мекеме басшыларына төмендегідей шұғыл тапсырмалар жүктеді.

- Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жедел штаб: ғимараттар мен құрылымдардың жағдайын, тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын, қауіпті өндірістік нысандарды, гидротехникалық құрылымдарды, жер сілкінісінің салдарынан бұзылу, халықты жинау және орналастыру, Республикалық жедел штабқа, ҚР Үкіметіне және Мемлекет басшысына есеп беру туралы;
- ҚР ТЖМ Сейсмикалық бақылаулардың

ұлттық ғылыми орталығы: сейсмикалық жағдайды бақылау және болжау үшін жедел штабтағы жағдай туралы есеп беру;

- Өрт қызметі: жер сілкінісінен туындайтын өрттерге дереу әрекет ету, қаланың өрт сөндіру жүйесін қамтамасыз ету;
- Медициналық қызмет: жарақат алған тұрғындарға медициналық қызмет көрсету, қаланы медициналық қорғауды қамтамасыз ету;

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.03.2024

Түнде:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+2+4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

6.03.2024

Түнде:

-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz

0 745178 614887 >



Өңірлерді дамыту бағдарламасы:

АГЛОМЕРАЦИЯЛАР

аймақтардың теңгерімді дамуына әсер етеді

Биыл 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде қалада өмір сүретіндердің үлесі 62,2%-ды құрады. Ауылдан қалаға көшу деңгейін ескерсек, бұл көрсеткіш өтетіні анық. Ол қалалардың инфрақұрылымына, бюджетіне ауыртпалық түседі деген сөз. Мемлекет урбанизацияны реттеу үшін қандай шараларды жүзеге асыруда? Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы неге өміршең болмады? Бұл сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

Урбанизацияны тоқтату мүмкін емес

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйенсек, биылғы 1 қаңтарда халқымыздың саны 20 млн 33 мыңнан асқан. Оның 12,5 млн-ға жуығы немесе 62,2%-ы қалада өмір сүреді. 2021 жылғы өткізілген ұлттық санақта қалалықтардың үлесі 61,2%, ал 2009 жылы 56,1% болған. Мұның бәрі қала халқы санының жыл сайын өсіп келе жатқанын білдіреді. Ғылымда осы үдерісті урбанизация деп атайды.

Урбанизация бізге ғана тән әлеуметтік құбылыс емес. XVIII ғасырда Еуропада бас-талған өндірістік революция урбанизацияға түрткі болды. Қалалар мен оның төңірегіне халық қоныс аудара бастады. Бүгінгі күні қалалар шектен тыс ұлғайғандықтан агломерациялар пайда болды. Әлемде қазір Токио, Сан-Паулу, Мехико және өзге де ірі агломерациялар бар. Олардың халқының саны 20 млн-нан асады. Қазақстанның халқы бір агломерацияда өмір сүреді деген сөз.

Урбанизация тек қала халқы санының өсуімен шектелмейтін құбылыс. Қалалар елдің экономикасына, қоғамдық-саяси және мәдени өміріне әсер ете түсуімен ерекшеленеді. Мысалы, Қазақстанда 3 республикалық



(Деркөз sportshka.com)

маңызға ие қала бар. Олар Астана, Алматы және Шымкент. Астана еліміздің елордасы болғандықтан оның мәртебесі Конституцияда айқындалған. Ал Алматы қаржы, мәдениет орталығы. Шымкент халқының саны өсіп жатқан қала. Оның үстіне туу көрсеткіші жоғары.

Урбанизацияны тоқтату мүмкін емес. Бірақ қала халқының жүйесіз өсуіне де жол беруге болмайды. Сондықтан ақылды мемлекеттік реттеу тәсілдерін енгізу қажет. Себебі, Конституцияның 21-бабына сәйкес: «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша тандап алуға құқығы бар».

Бағдарлама қағаз жүзінде қалды

2019 жылы 27 желтоқсанда сол кездегі Үкімет «Өңірлерді дамытудың 2020–2025

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Бағдарламаны бекіткен экспремьер Асқар Мамин. Құжат «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» жүзеге асыру аясында қабылданған. Алайда, бүгінгі күнде бағдарламада қойылған мақсаттар мен міндеттер жүзеге аспай келеді. Оған ешкім де жауапкершілік алған жоқ.

Өңірлерді дамыту бағдарламасының басты мақсаты – басқарылатын урбандату арқылы өңірлердің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту еді. Оған жету үшін келесі міндеттер жүктелген болатын:

1. Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар – функционалдық қалалық аудандарды дамыту;
2. Облыс орталықтарында, Семей қаласында орталықтары бар функционалдық қалалық аудандарды дамыту;
3. Функционалдық қалалық аудандар құ-

рамына кірмейтін, халық саны 50 мың адамнан асатын моноқалаларды дамыту;

4. Аумақтары іргелес жатқан шекара маңындағы моно және шағын қалаларды дамыту;

5. Ауылдық елдімекендерді дамыту.

Нақты жету тиіс болған индикаторлар да болды. Алайда, ол іске аспай келеді. Мысалы, 2023 жылы қала халқының үлесі 61,3% болуы тиіс еді. Алайда, 2021 жылғы ұлттық санақта көрсеткіш 61,2%-ды құрады. Ол биыл 1 қаңтарда 62,2%-ға өскен. Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орталықтары бар агломерациялар құру керек болатын. Бірақ бұл жұмыс былтыр ғана қолға алынды. Оның өзі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасынан кейін ғана іске аса бастады. 2021 жылы 1 қыркүйекте Президент халыққа Жолдауында өңірлерді дамыту саясатын қайта қарау керек екенін айтқан.

Жоғарыдағы бағдарлама 2022 жылы 23 қыркүйекте Үкімет басшысы Әлихан Смаиловтың қаулысымен күшін жойды. Кейін 2023 жылы 1 қаңтарда «Агломерацияларды дамыту туралы» заң өз күшіне енді. Заңның қабылдануы өңірлерді дамыту бағдарламасымен қатар 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының да өміршең емес екенін көрсетеді. Бірақ бүгінге дейін бағдарламаның орындалмай қалуына ешкім жауапкершілік алған жоқ.

Агломерацияларға бірігу жолы тандалды

Өңірлерді дамыту бағдарламасында ел аумағын 4 ірі агломерацияға бөлу көзделген болса, қазір басты мақсат – 5 агломерацияға біріктіру. 2023 жылы 19 маусымдағы экспремьер Әлихан Смаиловтың қаулысымен бірінші деңгейдегі агломерациялар ретінде Алматы, Астана және Шымкент бекітілді. Ал екінші деңгейдегі агломерацияларға Ақтөбе және Қарағанды енді. Қарағандының қосылғанына қарағанда болашақта қала республикалық маңызға ие болуы мүмкін. Ақтөбе қаласы жайлы болжам баяғыдан айтылып келеді.

Агломерацияларға бірігу не үшін қажет? Ең алдымен ол аймақтардың теңгерімді дамуына әсер етеді. Екіншіден, екі немесе бірнеше экономикалық аймақтың арасындағы коммуникацияны нығайтады. Коммуникация тек көлік-логистикада ғана емес, аймақ басшылары арасында да жақсарады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



● МЕРЕЙТОЙ

ҚАРЫМЫ БӨЛЕК ҚАЛАМҒЕР

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы мен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері, ҚР мәдениет қайраткері, философия ғылымының кандидаты, «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Төлепбергеннің 50 жылдық мерейтойына арналған «Тұрақты даму мақсаттары аясындағы журналистика және баспа ісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиынның ашылу салтанатында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев мерейтой иесін Президенттің Алғыс хатымен, ҚазҰУ-нің проректоры Ләззат Қалымбекқызы қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі үшін университеттің «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың құттықтауын оқып берді.

Ғылыми жиынға ақын-жазушылар, БАҚ басшылары мен өкілдері, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері қатысып, дәстүрлі журналистика мен саладағы жаңашылдық турасында баяндама жасады.

Конференция аясында қаламгер Бо-



Суретті түсірген Саят Құсайынов.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Пернебай ДҮЙСЕНБИН,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, жазушы:
Сан қырлы тұлға

Болатбек мектепте өте жақсы оқыды. Басқа оқушылардан мінезімен де, тұлғасымен де ерекшеленіп тұратын. Сол кездің өзінде облыстық, республикалық газеттерде мақалалары жарияланды. Алғашқы әңгімесі республикалық «Ақ жеткен» журналында басылды. Қазақ университетіне оқуға түскеннен кейін, Қазақстан Жазушылар одағы мен «Атамұра» корпорациясының жазушы Оралхан Бөкей атындағы стипендиясының тұңғыш иегері атанды. Жазғанда тілі көркем, жан-жақты қасиетімен көптің көзіне түсті. Ол – әдебиетші, жазушы, журналист, философ, алаштанушы. Осындай сан қырлы тұлға менің шәкіртім болғанын мақтан тұтамын.

латбек Төлепбергеннің 3 жаңа туындысының – «Алаң жұрт», «Ұлттық идея – ұлттық медиа тұғыры» атты кітаптары мен жинақтың тұсауы кесілді. Жинаққа журналистің осы уақытқа дейінгі шығармашылығы және саясаткерлер мен жазушылардың Болатбек Төлепберген туралы жазғандары топтастырылған.

Конференцияда қазіргі баспа ісі мәселелері де жан-жақты қозғалды.

«Азаттық аңсаған» деректі хикая-

тымда репрессия уақытындағы бір әулеттің тағдыры суреттеледі. Қазақстандағы ұлттық идеяның рухани адамгершілік негіздері деген тұрғыда жазылған дүние. Ұлттық идея 90-жылдардан бастап маңызды тақырыптардың бірі болды. Әлі күнге дейін Қазақстанда ұлттық идея бар ма, қандай мәселелерден тамыр тарту керек деген нәрсе өзектілігін жойған жоқ», – дейді Болатбек Төлепберген.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ТАРИХИ НӘТИЖЕ

Алматылықтар XI Азия чемпионатының жеңімпаздарын әуежайдан күтіп алды

Алматы қаласының әуежайына су спорты түрлерінен XI Азия чемпионатына қатысқан жүзуден Ұлттық құрама оралды. Жарыс Филиппин мемлекетінде Нью-Кларк-Сити қаласында өткен болатын. Спортшыларды күтіп алуға келген адамдардың қарасы көп болды. Жүзгіштерді күтіп алуға 2016 жылы өткен олимпиада ойындарының чемпионы Дмитрий Баландин де келіп, ұлттық құраманы құттықтады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Қазақстандық жүзгіштер Азия чемпионатының 14 рекордын орнатып, қоржынына 36 медаль еншілеп, топтық есеппен екінші орынға жайғасты.

– Спортшыларымызды жеңістерімен құттықтаймын! Бұл нәтиже жүзгіштер мен бапкерлердің үлкен еңбегі. Олар өте жоғары нәтиже көрсетті. Бұл жетістіктерімен тоқтамай, бұдан да үлкен жеңістерге жетуіне тілектеспін. Себебі, алда Азия чемпионаты мен Олимпиада ойындары күтіп тұр. Мен құраманың жетістігін мақтан тұтамын, – деді Д.Баландин.

Биылғы чемпионатта 4 жарыс күнінің қорытындысы бойынша жүзуден Қазақстан құрамасы 20 алтын, 11 күміс, 5 қолаға қол жеткізіп, тарихи нәтиже көрсетті. 5–17 жас арасында 50 метрге арқамен жүзуден алтын медаль иегері Егор Попов, қуаныш сезімімен бөлісті.

– Бізді осындай құрметпен күтіп алып жатқанына қуаныштымыз. Жарысқа қаңтар айынан бастап дайындалдық. Жеңіске жетуге осының алдындағы жарыстар мен тәжірибелердің септігі тиді. Топтық есеппен 2-орынды иелендік. Қарсыластар мықты спортшылар. Бар күш-жігерімізбен намысты қолдан бермей, байрағымызды биікке көтере алдық. Бұл нәтижемен тоқтамаймыз. Алдағы уақытта әлемді деңгейдегі жарыстан бар, – деді Егор Попов.

Сондай-ақ, қазақстандық жүзгіштер Азия чемпионатының 14 рекордын және Қазақстанның 3 рекордын орнатты. Жалпы командалық есеппен отандастарымыз 2-орынға жайғасты. Көш басын жапон мемлекеті бастап тұр, олардың қоржынында 36 алтын, 20 күміс, 15 қола бар.



ІРІКТЕУ

Өңірлік кадр резервтері:

Кімдер және қалай қатыса алады?

1 наурыздан Қазақстанда Өңірлік кадр резервтеріне іріктеу басталды. Іріктеуге жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар 35 жастан аспаған Қазақстан азаматтары қатыса алады.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар өңірлік резервке іріктеуге қатыса алмайды. Өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды өңірлік кадр комиссиялары өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамытудың басымдықтарын ескере отырып, айқындайды.

Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады және 2024 жылдың 1 наурызынан маусым айының соңына дейін жалғасады. Резервте болу мерзімі – 2 жыл. Осы кезеңде резервшілер сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына заңнамада белгіленген тәртіппен тағайындалуы мүмкін.

Сайтта қалай тіркелуге болады?

Іріктеуге қатысу үшін 1 наурыздан 31 наурызға дейін onir.pkrzerv.gov.kz онлайн-платформасында жеке деректерді көрсету арқылы тіркелу қажет. Құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынған кандидаттар да онлайн-платформада тіркеліп, құжаттарды тапсырғаннан кейін бір



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

жұмыс күні ішінде, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірмей құжаттарды жүктейді.

«Жеке деректер» бөлімінде дұрыс байланыс деректерін көрсетумен қатар, үміткерлер кадр резервінің өңірін және салалық бағытты таңдауы қажет. Екі және одан да көп өңірлік резервті немесе салалық бағыттарды таңдауға, сондай-ақ өңірлік резервті немесе салалық бағытты қайта таңдауға жол берілмейді.

Сәтті тіркелу үшін іріктеуге қатысушыларға белгіленген талаптарды сақтау, ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер қабылдау қажет. Барлық қажетті файлдар жүктелуі керек.

Жобаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

Өңірлік резервке іріктеуге қатысушы келетін азаматтар келесі құжаттарды қосып өтініш беру керек:

- Қазақстан Республикасы жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі;
- білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;
- соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырылған, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Өңірлік резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау (1 наурыздан 31 наурызға дейін);
- 2) заңнаманы білуге (5 сәуірден 9 сәуірге дейін) тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау (13 сәуірден 14 сәуірге дейін);
- 3) құзыреттерді бағалау (22 сәуірден 7 маусымға дейін);
- 4) өңірлік комиссиядағы құрылымдық сұхбат (13 маусымнан 15 маусымға дейін);
- 5) өңірлік комиссияның отырысында өңірлік резервке алуға ұсынылған кандидатураларды қарау (15 маусымнан 17 маусымға дейін).

Бірінші кезеңге қалай жазылуға болады?

Бірінші кезең «Заңнаманы білуге тестілеуге» жазылу тапсырылған өтінімнің қабылданғанын растайтын хабарламаны алған сәттен бастап 2024 жылдың 31 наурызы сағат 23.59-ға дейін қолжетімді болады.

ПАРЫЗ

Әскери қызметке іріктеу басталды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қатарына мерзімді әскери қызметке іріктеу басталды. 2024 жылғы 1 наурыз бен 5 сәуір аралығында ҚР МКҚ өкілдері барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда үміткерлерді таңдау және зерделеу жүргізеді.

Үміткерлерге келесі талаптар қойылады: жасы 18–27 арасында, бойы 180 см-ден төмен емес және 195 см-ден жоғары емес, білімі орта білімнен төмен емес, денсаулығы жақсы, жоғары білімді, спорттық жетістіктері мен разряды бар шақырылушыларға басымдық беріледі.

ҚР МКҚ қатарына өткен шақырылушылар мерзімді қызметін Астана және Алматы қалаларындағы 0112 және 0111 әскери бөлімдерінде атқарады. ҚР Мемлекеттік күзет

қызметі қатарында мерзімді қызмет сарбаздары Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қорғау, рәсімдік және протоколдық іс-шараларға қатысу, ҚР Мемлекеттік Туы мен ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы эталондарын күзету секілді айрықша міндеттерді атқарады. ҚР МКҚ әскери бөлімдерінде мерзімді қызмет атқару барысында жас сарбаздар тәжірибелі нұсқаушылық құрамның же-

текшілігімен әскери іске үйренеді, жауынгерлік және арнайы даярлық сабақтарында әскери мамандықтарды меңгереді. ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздарының әрі қарай кадрлық тұрғыдан өсуге мүмкіндігі бар.

Мерзімді қызмет аяқталған соң олар өз қалауы бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастыра алады, одан әрі арнаулы мемлекеттік органның қызметкері және офицері болып, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді атқара алады.

ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздары үшін Қазақстан Республикасында мерзімді әскери қызмет атқарған азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша белгіленген барлық жеңілдіктер қолданылады.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

«ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ӨРКЕНДЕУ»:

Алматы, Астана, Ақтөбе мен Түркістан облыстарында Қоғамдық қабылдау бөлмелері ашылды

«Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры еліміздің 5 өңірінде қоғамдық қабылдау бөлмелерінің іске қосылғанын хабарлады. Қоғамдық қабылдау бөлмелері Алматы, Астана, Ақтөбе мен Түркістан облыстарында ашылды. Аталған қоғамдық қабылдау бөлмелерінің діндегені – сол аймақтарда тұратын азаматтардың еңбек құқығын қорғау мәселесіне қолдау көрсету, сондай-ақ кеңес (консультация) беру орталығына айналу.

Айнабай
МӘДІ

«Еңбек құқығына қатысты әділдік іздеген еліміздің кез келген азаматы қоғамдық қабылдауға келіп, заңдылыққа сай жүгіне алады. Егер, оған мүмкіндігі болмаса, тәулік бойы қабылдауға интернет арқылы кіріп, білікті заңгерімізден, түрлі бағыттағы сан саланың мамандарынан еңбек құқығына қатысты түшымды кеңес алуына болады. Аталған аймақтармен жиынымыз өтеді. Жоспарымызға сай жұмыс тәртібін белгілейміз», – дейді аталған қоғамдық қордың Алматыдағы өкілі Мирас Байсейітов.

Осы жолда аталған қабылдау бөлмелері жергілікті және республикалық деңгейдегі өзекті мәселелерді шешуге қатысты ұсыныс жинап, өңірлерді дамыту мәселесін талқылауға арналған алаң ретінде де жұмысын жандырмақ. Қоғамдық ұйым өз жұмысы аясында шақырылған, сондай-ақ отандастарымызды толғантқан мәселелер жөнінде кеңес беруге әзір сарапшылардың



қатысуымен тақырыптық кездесулер ұйымдастыратын болады.

Керек кеңес

Еліміздің түрлі өңірлеріндегі азаматтық белсенділер «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қорын құру арқылы өз күштерін біріктіруде.

Қордың мақсаты – әділетті Қазақстан құруға өзіндік үлесін қосу.

Қор белсенділері Президент іске асыратын «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы еліміздің табысты дамуының кепілі екеніне сенімді.

Осы орайда еліміздің тұрғындары мен билік арасындағы қолданыстағы кері байланыс арнасын қамтамасыз ету, ел азаматтарын тыңдауға мүмкіндік беру міндетін алға қойып отыр. Аталған қағидаттар қордың негізгі құжаты – манифестте көрініс тапқан.

ЖАСТАР САЯСАТЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қоғамдық ұйымдар марапатталды

Алмалы ауданының комьюнити-орталығында жастар саясатын дамытуға, қаламыздың қоғамдық, әлеуметтік өміріне белсене қатысып жүрген үкіметтік емес ұйымдарды марапаттау рәсімі өтті.

Іс-шараға Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев, қаланың белсенді жастар өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың төрағалары, Жастар кеңестерінің мүшелері және блогерлер қатысты.

«Алғыс айту күніне орай, үкіметтік емес ұйымдарды марапаттау рәсімі өтті. Мұндай ұйымдардың қатарына серіктестеріміз, қоғам белсенділері жатады. Олардың жастар саясатын дамыту жолында үлкен жұмыс атқарды. Қаламызда 650 мыңға жуық жастар тұрады. Қаламызда жастарды қолдау мақсатында 8 комьюнити-орталық ашылды. Кез келген Neet санатына кіретін жастар комьюнити-орталығында уақытын тиімді өткізіп, пайдалы білім ала алады. 2025 жылдың аяғына дейін тағы 8 комьюнити-орталығын ашу жоспарланып отыр», – деді Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев.

Сондай-ақ, іс-шарада қаламыздың жастар саясатын дамыту жолындағы атқарылған және алдағы уақытта жоспарланған жұмыстар туралы meet-up кездесу өтті. Жастар саясаты басқармасын дамыту бары-

сында бірнеше маңызды жобалар жайында сөз қозғалды.

– 2022 жылы жастар саясаты құрылған уақытта қаламыздағы барлық қоғамдық ұйымдармен байланыс орнаттық. Шаһарымызда 500-ге жуық белсенді қоғамдық ұйым бар, оның ішінде 42 ұйыммен жұмыс жасап отырмыз. Ондай ұйымдар қаламызды жақсартуға арналған арнайы жобалармен айналысуда. Мәселен, осы жылы лудоманияға қарсы жобалар жасалды. Бәріміз білетіндей, бұл қоғам дертіне айналды десек, артық айтқаным емес. Сонымен қатар, есірткіге қарсы NARCOSTOP жобасы жұмыс жасауда, – деді Қ.Мендіғалиев.

Іс-шарада қаланың жастармен жұмыс бағытын дамытуға қосқан үлестері үшін үздік үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері марапатталды. Олардың еңбегі біздің қоғам үшін маңызды және баға жетпес құнды екенін атап өтті. Іс-шараның соңында қатысушылар қызу пікірталас жүргізіп, қаланың жастар саясатын жетілдіру бойынша өз ойлары мен ұсыныстарын белсенді түрде білдірді.

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖЕР-АНА ТАҒЫ ДА ТОСЫН МІНЕЗ ТАНЫТТЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматыдағы жер сілкінісіне орай жедел штабтың шұғыл жиынын өткізді

(Басы 1-бетте)

- Мемлекеттік тапсырысты қорғау қызметі: қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету, өрт сөндіру және құтқару жабдықтарын ТЖ орындарына кедергісіз жеткізу, ТЖ аймақтарын жабу, жол қозғалысын реттеу, эвакуациялық шараға атсалысу;
- Байланыс қызметі: бағыныштыларды бақылау үшін байланыс ұйымдастыру, ұялы байланыс операторларына қосымша байланыс арналарын қамтамасыз ету, қажет болса, қаланың байланыс желілерін жөндеу;
- Ақпараттық қызмет: ТЖ кезінде іс-әрекет туралы тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Энергия, жылу, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау қызметтері: қажет болса, қаладағы коммуналдық қызметтерді өшіру, жөндеу және қалпына келтіру, өрт кезінде өрт сөндіру қызметіне көмектесу;
- Гидрометеорологиялық қызмет: жағдайды бақылап, қаланың тыныс-тіршілігін жіті бақылауда ұстау.

Айта кеткен жөн, қазіргі таңда қаланың барлық тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері қосылған. Қалалық полиция бөлімі штаттық режимде жұмыс істеп жатыр. Барлық мектеп пен балабақша ашық, жиналу пункттері ашық.

Жедел жәрдем қызметі мен барлық көпсалалы аурухана, соның ішінде мамандандырылған аурухана, балалар ауруханалары, перзентханалар жұмысы жақсартылған режимде ұйымдастырылған.

Қала билігі алматылықтардан халықты дүрліктіретін сенімсіз ақпаратты таратпауды және оларға сенбеуді сұрайды. Тек ресми дереккөздерге сенуге шақырады.

Жер сілкінісінен кейін дүмпулер болуы мүмкін

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар қызметінің хабарлауынша, алдағы күндері Алматы аумағында жойқын жер сілкіністері

болмайды. Болжамның дөп келу ықтималдығы – 70%. Сейсмикалық бақылау мен зерттеу Ұлттық ғылыми орталығының сейсмикалық жағдайды бағалау жөніндегі комиссиясы осындай мәлімет таратты.

Операциялық сейсмикалық деректерді талдай отырып, комиссия 2024 жылдың 4 наурыз күні, сағат 12.20 минутта Алматы болжамалы полигонда сейсмикалық жағдай тұрақты екенін атады.

4.03.2024 жылы 11.22 мин (Гринвич бойынша) Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында магнитудасы $M_{pw}=6.1$ тіркелген жер сілкінісі Алматыда 5 балл, эпицентрде MSK-64 шкаласы бойынша 5-6 балл болды. Комиссия жер сілкінісінен соң дүмпулер болады деп санайды. Өйтсе де, сейсмикалық бақылаулар мен зерттеулердің ұлттық ғылыми орталығы бақылауды жалғастырады. Аталған комиссияның келесі отырысы осы жылдың 6 наурызында, алдағы сәрсенбі күні өтеді.

Штаттық режимде жұмыс істейді

Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы қала тіршілігімен тікелей байланысты барлық құзырлы орындар қалыпты жағдайда жұмыс істейтінін мәлімдеді.

Мамандардың айтуынша, «Алматы электр станциялары» АҚ, ЖЭО-1.2, «Алматы-теплокоммунэнергоның» 84 қазандығы да қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. «Алматы жылу желілері» ЖШС жылу желілері тұтынушыларды ыстық сумен қамтамасыз етуді шектеусіз, штаттық режимде жұмысын жалғастырады. «Алатау Жарық Компаниясы» – электр желілері тұтынушыларды электр қуатымен тұрақты қамтамасыз етуде. «Алматы Су» тұтынушыларды сумен қамту және көріз желісімен қамтамасыз етіп, «ҚазТрансГаз Аймақ» – тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуде шектеусіз штаттық режимде жұмыс істейді.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАУІПСІЗ ОРЫН

ҚАБЫЛДАУ ПУНКТТЕРІНЕ мыңға жуық адам жүтінді

4 наурыз күні сағат 11.22-де болған 5 балдық жер сілкінісінен кейін Алматыда 384 қабылдау пункті ашылды. Оның ішінде 229 мектеп және 115 балабақша, 15 ЖОО, 20 колледж және 5 стадион бар.



Досбол АТАЖАН

Жер дүмпуінен кейін қабылдау пункттеріне мыңға жуық қала тұрғындары мен қонақтары жүгінген. Мысалы, №59 қабылдау пункті немесе Бөлігірік Атыханұлы атындағы №36 гимназияға 80-ге жуық адам келген. Мектеп қызметкерлері келген барлық адамдарды тіркеп, бірден қауіпсіз орындарға апарған. Пана іздеген қала тұрғындары мектептің бірінші қабатындағы кабинеттер мен спорт залға орналастырылған. Спорт кешенінде адамдарға арнап матрас та жайылған.

Сондай-ақ, білім ордасында адамдар үшін асхана да өз жұмысын тоқтатпаған. Бұл қабылдау пунктіне келген адамдардың дені – студенттер екен. Жақын маңда жатақханада

не хостельдер тұратын студенттер осы жерден қауіпсіз пана тапқандарын айтады.

– Мен жақын маңдағы университетте оқимын. Жасым 19-да. Өмірімде мұндай жер сілкінісін өткен айдан кейін екінші рет сезіп тұрмын. Жер сілкінген кезде далаға атып шықтық. Одан кейін барлығымызды сабақтан қайтарды. Достарымызбен 7-қабатта пәтер жалдап тұрамыз. Бүгінгі оқиғадан кейін үйге баруға жүрегім дауаламады. Сондықтан 2ГИС қосымшасына кіріп қабылдау пунктін іздеп, осында келдім. Біздің осында күтіп, орналастырған адамдарға алғыс айтамын. Жеранамыз енді сілкінбесе екен деп тілеймін, – деді алматылық студент.


Тағы бір қабылдау пункті «Динамо» стадионында орналасқан. Мұнда мекеме қызметкерлерінің мәліметінше, 70-тен астам тұрғын жүгінген. Оның ішінде 20-ға жуық бала бар.

– «Динамо» стадионында №82 қабылдау пунктін орналастырған. Жер сілкінісінен кейін келген барлық адамдарды қарсы алдық. Таңертеңнен бері 70 адамдай болды. Оның біразы үйлеріне қайтып үлгерді. Қазір 20 шақты тұрғын әлі де отыр. Ешкімді құмаймыз, адамдар қалағанына отыра алады. Кейбір адамдар қорқып жатыр. Бірақ біз олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік техникасын түсіндірдік. Қаңтар айында болған жер сілкінісі кезінде де осында адамдарды қабылдадық. Ол кезде 100-ге жуық адам келді, – деді «Динамо» стадионының қызметкері Қазыбек Жұманов.

Дегенмен, барлық қабылдау пункттеріне адам көп деуге болмайды. Мысалы, №16 Ясли-сад балабақшасы немесе №84 қабылдау пунктіне небәрі 2 адам келген.

Айта кеткен жөн, төтенше жағдай болған жағдайда жақын маңдағы қабылдау пункттерінің мекенжайын 2ГИС қосымшасынан көруге болады. Іздеу жүйесіне «зардап шеккен халықты қабылдау пункт» деп енгізген кезде картадан тұрғындар үшін барлық қолжетімді қабылдау пункттері көрсетіледі. Мұндай деректер Алматы қаласы және аудан әкімдіктерінің ТЖД ресми сайттарында да бар.

МӘДЕНИ МАЙДАН



Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімдігі мен «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры «Мәдени майдан» атты іс-шара ұйымдастырды.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Жиынға белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, өнер майталмандары, руханият жанашырлары, жастар және т.б. қатысты. Іс-шара барысында мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің көзін көрген, сол дәуірді басынан өткерген замандастары, үзеңгілес іні-қарындастары, қадірменді меймандар ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен ән-күй

ДАРА ТҰЛҒА

Өзбекәлі Жәнібеков – ұлтымыздың біртуар азаматы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылы ОСМАН, ҰҒА корреспондент-мүшесі, қоғам қайраткері:

Қазаки мүддеге қызмет етті

Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамда алар орны ерекше. Өйткені, қазақтың мәдениетін, тіл-әдебиетін, тарихын, этнографиясын түлеткен, қозғау салған, алға қарай жылжытқан жан еді. Қазақстанда ұлтқа қызмет қылған тұлғалар аз болмаған. Алайда, бұл кісінің жөні бөлек. Бірге қызмет істемесек те, қарым-қатынаста болдым, көрдім. Оның халқына деген ықылас-ниеті айрықша-тұғын. Ол жеке бастың мүддесін ойлаған жоқ. Үнемі ұлттың үдесінен шығуды діттеді. Ұлттық рухани дүниенің тамыры тереңде жатыр. Ұлтты ұлт етіп көрсететін негізі тілі болса, оның өзегі салт-дәстүр, бітім-болмысы екенін ол жан жүрегімен сезіне білді. Кеңес өкіметі кезінде тіл мен мәдениет жөнінде ешкім сөйлей алмай тұрған кезде Өзаған ұлттық мәселеге белсене кірісті. Сол кездегі идеология кері әсер етіп, артқа тартып тұрды. Десе де, соған қарамастан қазақтың ұл мен қызын өрге тартып, қолынан келген қолдауын, бар жақсылығын жасады.

Ең ақыры Торғайда жүрген шағында итаяққа дейін жинап алды. Ол кімге керек болуы мүмкін дейтін шығарсыздар. Итаяқты коллекция ретінде жинап-сақтап, мұра ретінде қалдырды. Себебі, бұл нәрсе қазақтың ата-бабасынан келе жатқан ең құнды дүниесі саналғандығын сезіне білді. Ол сырттай қарағанда қатал адам сияқты. Ол оның жан дүниесі жұмсақ еді. Адаммен жылы сөйлесуін, кісіні қарсы алуын, жұртпен қарым-қатынасын ешкіммен салыстыра алмаймыз. Қазақтың алыбы, кеменгері, тұлғасы көп. Соның ішінде Өзағанды асқар Алатауға балаймын. Осы іс-шараны ұйымдастыра білген, жұртты жиып жиын жасай алған Санжар Керімбайға, барша қолдау білдірген жандарға мың алғыс!

Әлеуметтік желіні жас-кәрі демей, бәрі бірдей ақтарады. Кітап білім, үлгі-өнеге бұлағы екендігін ескере бермейтін болды. Өйткені, біз үшін құнды дүние құнсызданып, қымбаттымыз арзандап кеткендей. Негізі әр істі дер уақытында атқара бермейміз. Бүгінгі дәуір ақпараттық технологияның қарыштап дамып жатқан шағы. Ендеше, жас буын кітапқа құмартпаса, онда өзіміздің дараланған тұлғаларымыз туралы бейне материал, қажет болса деректі фильмдерді көптеп шығарайық.

Сонда бұқара өзінің мықты азаматтары болғандығын біледі. Тарихи сана қалыптасады. Ұлттың тұғыры беки түседі. Бізге басқа емес, өзіміздің Өзаған сияқты ұлт жанашырлары үлгі болуы тиіс. Басқаны айтпағанда, осы үшін Өзағана мың рахмет!

Кім Отанға адал қызмет етеді, соның беделі екі дүниеде де жоғары. Мұны тағдыр талай мәрте дәлелдеген. Сондықтан ұлттың ұлы болғандығы не жетсін!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелікке қабылданғанына – 32 жыл!

МӘРТЕБЕЛІ МАНДАТ

еліміздің халықаралық қауіпсіздік саласындағы орта державалы мемлекет ретінде мойындалғанын көрсетеді



(Дереккөз: kazinform)

Халықаралық саясат бүгінде күн сайын құбылуда. Алып державалар халықаралық нормаларға бағынуда салғырттық танытып, халықаралық құқық дағдарысына куә болудамыз. Сәйкесінше, күн сайын халықаралық тәртіп пен нормалардың жүзеге асуын қадағалайтын бірден-бір маңызды ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының ықпалы мен рөлі артуда. Қазақстан бүгінде халықаралық саясатта сенімді қатысушы ғана емес, беделді орта держава статусындағы мемлекетке айналды. БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында, 1992 жылғы 2 наурызда Қазақстан ресми түрде ұйымға мүшелікке қабылданған еді. БҰҰ құрамында 32 жыл ішінде еліміз аймақтық, халықаралық мәселелерді беделді ұйым мінберінде өткір көтеріп, тиімді шешімін табу жолында ауқымды жұмыстар атқарды. Қазақстан Орталық Азиядан алғаш рет, 2017–2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайланды. Халықаралық беделді ұйым аясында соңғы отыз екі жыл ішінде еліміз жаппай қырып-жою қаруынан бас тарту, Таяу Шығыстағы геосаяси тұрақсыздықты реттеу, терроризммен күрес, Арал теңізі мысалында әлемдегі экологиялық мәселелерді тиімді шешу және тағы да басқа жаһандық мәселелерді дипломатия арқылы шешуде ұйым шеңберінде белсенді жұмыс жасап келуде. Мақаламызда мерейлі дата аясында Қазақстанның БҰҰ шеңберіндегі ықпалы мен рөлін талдаймыз.

• Қазақстан БҰҰ мүшелігіне қабылданған сәтте әлемде қуаты бойынша төртінші саналатын әлеуетті ядролық қаруға ие болды. БҰҰ шеңберінде еліміз ядролық қарудан бейбіт түрде бас тартып, Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы шешім қабылдауы халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып, әлемде қарусыздану қозғалысы саласында көшбасшыға айналуда негіз болды. БҰҰ Бас Ассамблеяның шешімімен 2009 жылғы желтоқсанда Семей полигоны жабылған күн – 29 тамыз – халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні болып жарияланды.

Еліміз БҰҰ-ға қабылданған сәттен кейін, 1993 жылғы 16 ақпанда Қазақстанның БҰҰ жанындағы өкілдігі Алматы қаласында ашылды. Аталмыш өкілдік бүгінгі таңға дейін тиімді жұмыс жасап келуде. Қазақстан БҰҰ құрамында алғашқы күндерден бастап маңызды бастамалардың жаршысы бола білді. Алғашқы халықаралық бастамаларының бірі – 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру идеясы болды.

Аталмыш ұйым Еуропада тиімді жұмыс жасап келе жатқан Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық (OSCE) ұйымының Азиядағы баламасы іспетті еді. Қазіргі таңда АӨСШК-ге Азия халқының 90 пайызы 28 мемлекет құрамына мүше іргелі ұйым. Ұйымның қазіргі таңда Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтауында еліміздің үлесі ерекше. АӨСШК VI саммиті 2022 жылы Астана қаласында өтіп, Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірегей тұжырымдамасы қабылданды.

Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы-

ның байланысы көп жақты дипломатия аясында құрылымдық негізде қалыптасты. Қазақстанның БҰҰ аясында қол жеткізген маңызды жетістіктерінің бірі – аймақтағы экономикалық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған БҰҰ-ның Орталық Азия елдерінің экономикалық дамуына арналған арнайы бағдарламасының қабылдануы еді (SPECA). Сонымен қатар, тұтас Орталық Азияға ықпалға ие аймақтық қауіпсіздікті нығайту үшін құрылған Орталық Азиялық превентивті дипломатия орталығы Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақты құру жобалары еліміздің БҰҰ шеңберінде аймақтық қауіпсіздік қалыптастыру жолында қалыптастырған маңызды жобалары болды.

Бітімгершілік қызмет

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында БҰҰ бітімгершілік күштерінің ықпалы ауқымды әлеуетке ие. Соңғы жетпіс жылдық тәжірибеде БҰҰ бітімгершілік қызметі әлемнің түрлі аймақтарындағы қалыптасқан бейбіт реттеуде бейбіт тұрғындарды қажетті қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде жоғары тиімділігін көрсетіп келді. Қазақстан БҰҰ-ның бітімгершілік күштері сапында әскери қатығыстарды бейбіт түрде шешу жолында белсенді қызмет көрсетуде. Қазақстандық бітімгерлер Батыс Сахарада (MINURSO) және Кот-д'Ивуарда (UNOCI) Ливанда (UNIFIL) бітімгерлік күштеріне қатысты. Биыл, алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанға бітімгерлік миссияны өз бетінше жіберуге және орындауға мандат берді. Қазақстандық контингент құрамында 139 әскери қызметші БҰҰ миссиясының мандатына сәйкес қарсылас тараптар арасында атысты тоқтату, бейбітшілікті қалыптас-

тыруда Голан жоталарындағы бөлінген жерлерді «БҰҰ-ның бақылау күштері» (SONNR) миссиясы негізінде бітімгерлік контингент режимін сақтау міндеттерін орындайтын болады. Осыған дейін еліміздің әскери роталары Үндістан контингенті аясында бітімгерлік миссиясын орындаса, бүгінде жеке мандат алуы еліміздің халықаралық қауіпсіздік саласындағы орта державалы мемлекет ретінде мойындалғанын көрсетеді.

Халықаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуде бітімгершілік қызметінен бөлек, Қазақстан БҰҰ шеңберінде 2017 жылдан бастап Сириядағы тұрақсыздық мәселесі бойынша Астана процесінің 17 раунды кездесулерін өткізіп, аймақтық тұрақсыздықты БҰҰ ұстанымдары аясында шешудің негізін қалады.

БҰҰ ұстанымдары аясында Қазақстан Ауғанстандағы саяси шиеленісті аймақтық қауіпсіздікке төнген қатер ретінде превентивті негізде шешудің құрылымдық негізін қалады. Мысалы, 2021 жылы, тамыз тәліптер Кабулды басып алғаннан кейін Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауғанстанға көмек көрсету миссиясына (UNAMA) халықаралық қызметкерлерін Алматыдағы уақытша кеңсеге көшіру арқылы қолдау көрсетті.

Бүгінде Қазақстанда БҰҰ-ның 27 салалық агенттіктері сәтті жұмыс атқаруда. Мәдениет, экология, білім мен ғылым және т.б. салаларда жергілікті басқару органдары үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп ортақ жобаларды жүзеге асыруда. БҰҰ агенттіктерінің еліміздегі қызметі құрылымдық тұрғыда теңсіздікті жою, әлеуметтік саяси институттарды модернизациялау, экономиканы әртараптандыру, табиғи ресурстарды басқару және балалар, әйелдер, инклюзивті топтар және босқындар секілді салалық мәселелерді дипломатиялық негізде шешуде жұмыстар атқарады. Сондай-ақ, БҰҰ Бас Ассамблеясы 2021 жылы Арал өңірін экологиялық инновациялар мен технологиялар аймағы деп жариялау туралы резолюция қабылдады, бұл аймақты сақтау және оның экологиясын жақсарту жөніндегі міндеттемені атап өтті.

Қазақстанның БҰҰ-мен көпжақты дипломатия аясындағы серіктестігі соңғы отыз жылда адам құқығын сақтауда, инклюзивті әлеуметтік қоғам қалыптастыруда, әртараптандырылған экономика және аймақтық экологиялық мәселелерді шешуде өзара ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылуда.

Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының стратегиялық мәні халықаралық ұйымдармен көп жақты дипломатиялық қарым-қатынасқа негізделген. Бұл тұрғыда еліміздің БҰҰ шеңберіндегі сыртқы саясаты Қазақстанның халықаралық саясаттағы белсенді қатысушы екендігін айғақтайды.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



МҮФТИЯТ

ҚМДБ:

РАМАЗАН АЙЫ

биыл 11 наурызда басталады

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. елдердің Ғұламалар кеңесімен, пәтуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдаса келе, биылғы Рамазан айының басталатын күнін бекітті.

(Ораза айының кестесі 12-бетте)

Ортақ пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Сондай-ақ қажетті облыс, қала, аудан және ауылдың (барлығы 6000 елдімекен) ораза және намаз кестесін жоғары сапада pdf форматта muftyat.kz сайтынан <https://www.muftyat.kz/kk/page/ramadan> сілтемесі бойынша жүктеп алуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.muftyat.kz).

«ALMATY CUP I»

Дәстүрлі дебатқа қатысты

Оқушылар сарайында Алматы қаласы әкімінің құбогы үшін «Almaty CUP I» атты дәстүрлі дебат өтті. Пікірсайысқа Алматы мектептерінде оқитын 8, 11, 12-сынып оқушылары қатысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш дода Британдық Парламенттік формат бойынша қызықты әрі өте тартысты өтті. Үш кезенді қамтыған турнир барысында бірінші және екінші кезеңде жеңіске жеткен фракциялар қалалық турнирге өтті.

Бұған дейін де бірнеше мәрте турнирге қатысып, төселіп қалған пікірсайысшылардың бұл жолы да терең білімі тез ойлау қабілеті сыңға түсті. Жалпы, биыл 3 тілді турнирге 168 оқушы қатысса, олардың 64-і қазақ және орыс лигасында, 40-ы ағылшын лигасында өнер көрсетті.

ТУРНИР

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН
ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Алғыс айту күніне арналған және «Астана 2024» V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қолдау мақсатында «Тоғызқұмалақ» ұлттық спорт түрінен Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының құбогы үшін Алматы қаласы Алатау ауданы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында» жалпықалалық турнир өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шараны ұйымдастырушылар – Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы, қалалық «Тоғызқұмалақ» федерациясы. Жарысқа қаланың мектеп жасындағы оқушылар қатысты. Нақтырақ, әр ауданнан 4 оқушы іріктелді. Іс-шараның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттап, ұлттық ойынның ойналу аясын кеңейту.

Шақырылған қонақ Қанат Ислам – қазақстандық кәсіпқой боксшы, Қытай халықтары Спартакиадасының екі дүркін чемпионы, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері (2008), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, Astana Arlans (WSB) әуесқойларының капитаны.

– Негізгі ой – қазақтың салт-дәстүрлерін тірілту. Қазір тоғызқұмалақ ойнайтын балалар көбейген. Баланың телефон ұстап назарын басқа аударғаннан гөрі ең дұрысы осы ойын саналады. Сондықтан ұлттық ойындарымыздың жанданып, бүгінгі өмірмен біте-қайнаса алатындығы қуантады, – деді жаһанға мәшһүр боксшы Қанат Ислам.



ӨНЕР ӘЛЕМІ

ҚОЛАДАН ҚҰЙЫЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Жас мүсіншіні жануарлар әлемі қызықтырады

Жас мүсінші Данияр Сарбасов өнер әлемінде өзін аз уақыт ішінде-ақ анималист-мүсінші ретінде танытып үлгерген дарынды жігіт. Оның шығармашылығына көз тоқтатқан жандар жануарлар әлеміне, оның ішінде жылқыға деген асқан қызығушылығын байқайтыны сөзсіз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«ЖОШЫ ХАН»

Ол скиф-сақ мәдениетін де терең зерттеп, нәтижесінде осы тақырыпта көптеген композициялар жасады. Олардың қатарында өнер сыншыларының оң бағасын алған, өзіндік көркемдік шешімімен, пластикалық пішінімен ерекшеленетін «Романтик», «Кербұғы», «Талпыныс», «Туған жер» және «Жошы хан» шығармалары ерекше аталады.

– Мәселен, «Жошы хан» мүсіні портреттік және анималисттік жанрлардың жарқын үйлесіміне жақсы мысал бола алады. Тарихи тақырыптағы осы композицияның басты кейіпкері – жылқының тізгінін ұстаған ер адам, батыр Жошының көркем бейнесі. Жылқы бейнесі, оның тұрған кейпі, мінезі аса шынайы дәлдікпен сомдалған. Даниярдың мүсіндерінде кешегі мен бүгіннің, дәстүрлер мен инновациялардың өзара байланысын көруге болады. Мүсіндеріне зер сала қарасаңыз, шынайылығы соншалық, жылқылары бір сәтте темір тұғырынан босап шығып кететін сияқты, тіпті металл да олар үшін кедергі болмайды, – дейді өнертанушы Самал Мамытова.

ЕРКІНДІК

Жуырда Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде суретші, мүсінші Данияр Сарбасовтың «Erkindik» атты жеке шығармашылық көрмесі өтті. Оған



мүсіншінің отызға жуық туындысы қойылды. Көрмесінің атауы суретші үшін шығармашылық еркіндіктің, ой еркіндігінің маңыздылығын көрсететін терең мазмұнға ие. Сондай-ақ, көрмеге қойылған осы аттас, осыдан төрт жыл бұрын дүниеге келген «Erkindik» атты мүсінінде бір арнаға тоғысқан жылқы мен бүркіттің еркін қалықтаған біртұтас бейнесі берілген. Қазақтың бітім-болмысына етене жақын жылқы мен бүркіт бізге осы еркіндік деген сезімді ұғынуға жетелейтіндей.

Жылқы жануарын суретші қылқаламмен салғанда желмен жарысқан жал-құйрығына дейін сандаған бояумен шебер беруге болатын шығар. Ал Сарбасовтың жылқылары мен бүркіттері қоладан құйылса да, шынайы, көрерменін бірден баурап алады, қазақ даласының, қазақ өмірінің барлық күші мен сұлулығын жеткізіп береді. Мүсінші туындыларында әрбір ұсақ бөлшекке дейін ерекше назар аударып, егжей-тегжейлі мұқият көрсете отырып, аң стиліне деген қызығушылығын айқын аңғартады. Әр мүсінінің композициясы еркін және ырғақты теңдестірілген десе де болады.

ДАЛА СӘНІ

Данияр үшін ең қиыны – жылқының шапшаң, көз ілеспес қимыл-қозғалысын көрсету. Себебі, мүсінші тірі жануарды шеберханасына кіргізіп, сағаттап тұрғызып қоя алмайды. Иә, ол жануарлардың эскиздерін фотосуреттерден емес, өз қиялын «тындамастан», табиғаттан жасайды. Яғни ол атқораға қағаз, қарындаштарымен кіреді. Со-сын селт еткізер қызықты сәттерді ұстап алуға тырысады.

Жылқы десе ішкен асын жерге қоятын мүсінші әзірге өзінің тұлпары жоқ екенін айтады. Ол 12 жасына дейін ауылда, жылқы малымен сөйлесіп, сырласып өсті. Бәлкім, мүсінші болуды о баста қатты армандамаса да, есейген шағында дәл осы салаға басыбайлы келуіне сол бала күнгі құштарлығы, сұлу сай-гүліктерге деген махаббаты шығар.

– Мен жұмыстарымды жасап жатқан кезде өзімді әлемдегі ең еркін адам сезінемін. Қазақ даласында атқа отырып, желмен жарысқан бар қазақ сезінеді деп ойлаймын бұл сезімді. Мені жылқылармен бірге бүркіттер де қызықтырады. Бұл екеуі де біздің еркін даланың сәні, бойтұмары іспетті. Сондықтан көк аспанның фонында қалықтаған бүркіт Қазақстанның туы мен елтаңбасында кездейсоқ бейнеленбеген, – дейді Данияр.

ТҮЛҒАЛАР

Иә, сүйікті тақырыптарының бірегейіне айналған жылқы оның шығармаларының негізгі элементі. Бірақ ол монументалды бағытта да айшықты қолтанбасы бар мүсінші. Атап айтқанда, алтын қолымен құйылған Дінмұхамед Қонаевтың бюсті – Таразда, әл-Фараби мен Ыбырай Алтынсарин бейнесі Астана төрінде тұр. Ал өзіміздің «Қазақстан» қонақүйінің артында Шәмші Қалдаяқовтың ескерткіші орналасқан. Сазгердің әндерін жақсы көретін ағайын тіпті Шәмшінің жанында отырып, қаланың таза ауасын «бірге» жұтып, айналасындағы әлемді «бірге» тамашалай алады.

Данияр Сарбасов мегаполистегі Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясы мектеп интернатының,



колледжінің, академиясының түлегі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, халықаралық «Шабыт» фес-

тивалінің гран-при иегері, халықаралық «Туран» сыйлығының лауреаты.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ»

Ұрпақ тәрбиелеуде ата-бабаларымыздың өзіндік озық үлгілері бар

Ұрпақ тәрбиесін қазір қоғам болып қолға алып жатырмыз. Бұлай етуіміздің себебі де жоқ емес. Өйткені, соңғы уақытта жастарымыздың арасында батысқа еліктеушілік, түрлі жат қылықтарға бой алдыру сияқты жағдайлар жиі кездесіп жатқаны да жасырын емес. «Ұлт боламын десем, бесігінді түзе» деген ұлттың ұрпағы емеспіз бе? Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» қолға алып, оны талқыға ұсынғанда ұлт жанашырлары бірден бұл бағдарламаны құптап, оны қолдауға келіскен еді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазір осы бағдарлама негізінде еліміздің мектепке дейінгі мекемелері мен мектептерінде жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оның көрсеткіші әзірге көңіл қуантарлықтай. Қаламыздағы Ме-



деу ауданына қарасты №109 бөбекжай-балабақша ұжымы да білім беру процесіне ата-аналарды тартып, жас ұрпақты ұлттық тәрбиемен тәрбиелеу процесін жүзеге асыру мақсатында «Әжелер мектебін» құрған еді. Аталмыш жобаға балабақша әжелері де қызығушылық танытып, жү-

мысы жақсы жолға қойылып келеді. Жалпы, ұрпақ тәрбиелеуде ата-бабаларымыздың өзіндік озық үлгілерінің бары анық. Соның бірі – әжелер мектебі. Осы ретте балабақшада құрылған «Әжелер мектебі» тек қағаз жүзінде емес, өз жұмысын жүйелі түрде жалғастырып, – осы үлгіні қолданып

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Орынбасар МЕКЕБАЙҚЫЗЫ,
№109 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

– Халқымызда «Ұлтыңды сақтаймын десем, қызыңды тәрбиеле» деген жақсы тәмсіл бар. Демек, ұлттың келешегі кемел болсын десек, қыз баланың тәрбиесіне осы бастан көңіл бөліп, алдында үлкен жауапкершілік тұрғанын жастайынан бойына сіңіру керек. Осы ретте балабақшадағы тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту үшін балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру сияқты іс-әрекеттерді «Әжелер мектебімен» бірлесіп жүзеге асып жатыр. Мәселен, «Қарлығаш» ересектер тобының әжелері өз немерелеріне құрақ көрне тігудің жолдары мен оның бетіне түсетін түрлі ою-өрнектерді жасаудың жолдарымен таныстырып отырады. Әжелер өздерінің әр сабағында құрақ көрпенің, алаша, текеметтің тарихы туралы айтып, әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы да балаларға үйретіп жатқан жәйі бар.

жатыр. Жақында ғана балабақшада атқарылған жұмыстардың дәлелі ретінде «Әжем, анам және мен» атты ауқымды іс-шара болып өтті. Онда әжелер қыздарымыздың қолдарына ине-жіп беріп, оны қалай сабақтаудан бастап үйретті. «Ана көрген тон пішер» демекші, қыз баланың үй шаруасына икемді болып өскені, өзі үшін

де, ертеңгі келін боп түсер отбасы үшін де маңызды екені анық. Сондықтан әжелер немерелерімен істігіп, түрлі ою ойып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртты. Сонымен қатар, әжелер қыз баланың отбасындағы орны, ер адамды, әкені құрметтеу, кішіге ізет көрсету туралы да ақыл-кеңестерін айтты.

СҰХБАТ

ОЛИМПИАДАҒА БАРҒАН БЕС ҚАЗАҚ

елдегі 100 қазақтың жүрегіне от береді



Өмірде атақ-мансапқа қол жеткізуге болады. Кім болсақ та жаныңдағы жандарға жылу сыйлап, бір ауыз лебіз білдіріп, алғыс айту нұр үстіне, нұр болар еді. Өйткені, бұл дүниені ұстап тұрған, ол – сыйластық. Алғыс айту күні аясында біраз игі-жақсы азаматтармен тілдесетін дәстүріміз бар. Биыл да сол үрдіс жалғасын тапты. Орайлы сәтті пайдаланып, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, ғаламға мәшһүр боксшы Қанат ИСЛАММЕН сұхбаттасқан едік.

Талантты, мықты, шымыр жігіттердің жолын ашу керек

– Қазақ бокс өнері қай деңгейде?

– Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Сол үшін бокс деңгейі төмен түсті деп айта алмаймыз. Біздерге жаңа леп келіп жатыр. Кеңес дәуірінен шыққандар орнын алмастыру үстінде. Кейбір спорт саңлақтарымыз Америка Құрама Штаттарына барып, қатысып жатыр. Олардың алдыңғы шебінде өзіміз де араласып-құраласып жүрміз. Біз де жастар санатында болып есептелеміз. Кәсіпқой бокста 12 жылдан бері мұхиттың арғы жағында өнер көрсетіп жүрген жайымыз бар. Шетелден алған біліктілігімізді 1 наурыздағы бокс кешінде көрсетуге тырысамыз. Осы жекпе-жек арқылы соңымыздан өсіп келе жатқан жастарға мүмкіндік береміз.

Дәлірек айтсақ, 2016 жылдан бері «Кәсіпқой бокс» өнерін қолға алдық. Соның арқасында Qazaq Style атымен өнер көрсетіп жүрген Жәнібек Әлімханұлы және Айдос Ерболсынұлы сияқты бірқатар азаматтар ел-жұртқа танылды. Бұл жігіттер өз еңбектерінің арқасында әлемдік аренаға шығып кетті. Бұл жолғы жарыстың мақсаты да сол. Яғни талантты, мықты, шымыр жігіттердің жолын ашу керек. «Кәсіпқой бокста» өз биігін бағындыру ниеті басым.

Әр өңірден жеңген жастарды қолдап, әлемдегі мықты промоутерлерге ұсынамыз. Мысалы, мексикалықтар өнер көрсетіп көрінсе, дереу қымбаттап кетеді. Өйткені, ұдайы кәсіпқой бокс кештері өте береді. Арасынан нағыз білекті, жүректілері айқындалады. Америкаға барғанда 8-1, 10-0 жетістіктері болады. Сондықтан оны бірден таласып алып алады. Ал бізде кәсіпқой бокс кешіне қатынасу үшін, Ресейге, Еуропаға баруға тура келеді. Осындай түйткілдердің түйіні таркаса, біраз оң өзгеріс орын алады.

Бокс – үлкен өнер

– Әйгілі боксшы Баһадүр Жалоловтың мықтылығының құпиясы неде?

– Бокс тек қана күшке келіп тірелмейді. Бұл – үлкен өнер. Мұны дұрыс үйреніп, меңгеру қажет. Соның кәсіпқой маманына айналу шарт. Сонда ғана дүтігеген нәтижеге жақындайсыз. Біздерде осының барлығын белгілі бір өлшемге сыйдырғысы келеді. Негізі мұны қалыпқа сыйғызу қиын. Бұрынғы қатаң тәртіп, қазақ қағида бүгінгі шеңберге сыймайды. Бұл жерде тек рухтың биіктігі мен өз-өзін жеңе білу қажет, биік-шыңдарға ұмтылған жігіттер топ жарады. Ал Баһадүр Жалолов көптен бері АҚШ-та жүр. Оған сол жақта көбірек жаттығып, бәрін көріп білгендігі көп жағдайға пайда әкеліп жатыр.

Сондай-ақ, оның рухын көтерді. Біздің Қамшыбек Қоңқабаев әдіс-тәсіл жағынан одан кем түспейді. Қанша дегенмен Жалоловтың мысы басып тұр. Өйткені, өзбек боксшысының жүрген ортасы басқа. Ал біздікілер тауға апарып қамап жаттықтырады. Бұдан өсу аз. Тәсіл қолдана білуден де маңыздысы – адамның рухани тұсы дер едік. Сол үшін бізде осы жағын жақсылап қарау қажет. Жігіттерге көбірек еркіндік беріп, шетелге апарып, жеке жаттықтырушылармен



(Дереккөз egemen.kz)

көбірек жұмыс жасатайық. Сонда ғана тәп-тәуір жетістіктерге қол жетеді.

– Ұлттық тағамды спортшыларға көбірек тұтынуға мүмкіндік берсе қайтпеді?

– Әңгіме тамақта емес, санада. Таңнан кешке дейін тер төгуді құп көреді. Тек жаттықтыра берсе, жеңіске жетеді деп ойлайды. Тәртіп керек-ақ. Әлгінде айтқанымыздай, әр спортшының мүмкіндігін тани алу қажет.

– Легионер қаптата бергеннен не ұттық?

– Жалпы легионер әкелуге қарсымын. Қазақ боксының өзінен әр облыстан 10 мыңға таяу бала боксқа барады. Көріңіз бе?! Спорт деген басшылардың алдына көрсетіп, масаттану емес. Бұл өзіміздің халық үшін жүргізіп жатқан идеология. Мақсат – дені, санасы сау ұрпақ тәрбиелеу. Шетелден қыруар қаржыға спортшыны сатып әкеліп, мақтан үшін жасаған жалған дүние ешкімге абырой алып бермейді. Шындықты айту керек, бұлай істеу не үшін керек? Біздің спортшыларымыз сыртқа жарысқа барып бір жолы ұтылып қалуы мүмкін. Бірақ бойында талабы бар болса, келер жолы жіберген қателігін қайталамауға тырысады. Дүниежүзілік додаларға шығатын тек өзіміздің жігіттер болуы қажет. Олимпиадаға барған 5 қазақ, елдегі 100 қазақтың жүрегіне от береді.

Біздің мүддеміз – жастарға смартфоннан бас тарттыру, олардың спортқа құлшынысын арттыру.

Жаттықтырушыға көп нәрсе байланысты

– Ауылдан чемпиондар шығу үшін не істеген жөн?

– Ең негізгісі, маман керек. Бір істің маманы деп өмірдің ащы-тұщысын татқанды айтады. Содан барып өз-өзінен алқынып алға ұмтылады. Сол секілді ауылға спорт кешендерін салып, жаттықтырушылардың айлығын көтеріп, жағдайын жасап қойса дейміз. Елдімекендерде жағдай жасалса, жігерлі жастар жұмыла барары хақ. Бір Шымкент қаласының өзінде ғана 3 мыңдай жаттықтырушы бар. Солардың барлығын аймақтарға, аудандарға, ауылдарға жіберсе болады. Қай жерде қандай жаттықтырушы бар, сондай чемпиондар шығады.

– Ұлттық Олимпиадалық комитетке Геннадий Голловкин басшылыққа баруына көзқарасыңыз қалай?

– Бұл орынды деп айтамын. Өйткені, ол басшылықтың шешімі. Оның әлемдегі абыройы да бар. Мамандығы жағынан да жоғары деп санаймын. Сол үшін оған тек қана сәттілік тілеймін.

– Спортта «бармақ басты, көз қысты» дейтіндей оғаш әрекеттер бар ма?

– Өз әлемімде жемқорлық деген нәрсені білмеймін. Өзім көріп білмеген соң бірдеңе деп айта алмаймын. Олимпиадалық спорт түрлеріне қомақты қаражат бөлініп жатыр. Футбол, Астана велошабандоздар құрамасы болсын, сондай-

сондай клубтардың шығыны көп екендігін жұрт айтып жүр. Қазақ халқында «Алтын шыққан жерді белден қаз» дейді. Спорттың қай саласы көтеріліп келеді, соларды көбірек қолдау керек.

Қандастарды елге тартайық

– Қандас бауыр спортшыларды неге елге алдырмаймыз?

– Сырттағы ағайындар арасынан шығып жатқан спорт дарабоздары жетерлік. Олар сол елдерге пайда әкеліп жүр. Осының өзі біздің қазақтың жігіттерінің мықтылығын танытады. Бұйырса, 1 наурыздағы жекпе-жекке 3 қандас бауырымыз келеді. Соған мүмкіншілік жасап отырмыз. Мақсатымыз – ақырындап қандастарымызды атамекенге тарта берейік. Өз азаматтарымызды қолдап-қолпаштап жүргенге не жетсін?!

Әркім өз баласына жауапты

– Қазақтың жігіттері ұсақталмас үшін қайтпек керек?

– Мен 6 баланың әкесі ретінде өз балаларыма жауап беремін. Тарқатып айтқанда, дұрыс үйірмелерге апарамын. Қадағалаймын. Кіммен жүріп, кімдермен тілдесіп жүргендігіне мән беремін. Қандай спортқа баратынын бағдарлаймын. Әр баланың қызығушылығы неде екендігін қараймын. Сол секілді әркім өз отбасына, бала-шағасына еге болса, қазақ мүддесіне қызмет қылатын жандар шығады.



Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖАЙМА БАЗАР ОРНЫНА – САЯБАҚ

Алматылықтар көптен күткен жаңалық

Алматы – миллиондаған тұрғыны бар алып мегаполис. Тіршілік қазаны қайнап жатқан қалада атқарылған іс те, кезек күттірмейтін жұмыс та, проблема да жетерлік. Солардың бірі – жабайы сауда мәселесі.

Ел арасында «Оптовка» аталып кеткен базардың айналасынан бір кездері адам аяқ алып жүре алмайтын. Жалпақ тілмен айтқанда, бұл маңай жағдайы жасалмаған жабайы, ашық-шашық сауданың мекені болған. Әсіресе, Розыбакиев пен Дүйсенов көшелерінің қиылысындағы көрініс көзге сондай оғаш еді. Бірақ қазір бұл аймақта ретсіз сауданың саны азайған.

Шаһар шырайын кетіріп, 10 жылдан астам бейберекет сауда мен заң бұзушылықтың ордасы болған аймақты бір кездері «шолок» белсенділер басып алып, автотұрақ та жасаған. Кейін жолдың бойы, үйлерінің маңы есепсіз көлік тұрағына айналған соң тұрғындар аудан әкімдігіне шағымданып жүріп, автотұрақты жаптырған болатын. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін» дегендей, нағыз бас қатырар мәселе сол кезде басталды. Автотұрақ болған жер енді жол жиегіне жағалай отырып алып, киілген киім, пайдаланылған заттар, арагідік тағам өнімдерін сататын нағыз жайма базарға айналды. Жағдай бұрынғыдан да күрделеніп, азық-түліктің сапасыздығы, тазалық талаптарының төмендігі мен сағаттап тұратын көлік кептелістері – тұтынушылармен қоса, сол аймақта тұратын халықтың денсаулығына, жүйкесіне әсер ете бастады. Халық бұл мәселені аудан әкімдігіне айтып, бірнеше мәрте шағым түсірген. Бірақ жабайы сауданың жолына ешкім тосқауыл бола алмады. Кейіннен жағдай ушығып бара жатқан аталмыш мәселені халық қала әкімінің тұрғындармен кездесуінде көтерді.

МЕРДІГЕР АНЫҚТАЛСА, ЖҰМЫС БАСТАЛАДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматыдағы ретсіз сауданы жөнге келтіруге бұрын да ерекше мән беретін. Дейтұрғанмен, бұл жолғы халықтың алаңдауына құлақ түрген басшы көптің талабын орындауды кейінге қалдырған жоқ. Бірден жергілікті атқарушы орындарға аталған аймақты тексеріп, мәселенің мәнін білу үшін жұмысшы топ құруға тапсырма берді. Уақыт оздырмай, құрамына аудан әкімдігінің қызметкерлері, прокуратура, құқық қорғау мен санитарлық-эпидемиологиялық органдары мамандарынан құрылған жұмысшы топ дереу іске кірісіп, Дүйсенов көшесінің бойында шоғырланған бейберекет сауда нүктелерін аралап, істің-мән жайына үнлді. Нәтижесінде заң талаптарына сай келмейтін жайттерді анықтады. Асылайша аталмыш көше бойындағы ретсіз саудаға тосқауыл қойылды. Қазір сол жайма базардың орны кокыстардан тазартылып, жоба бойынша жұмыс бастауға дайын тұр.

Алмалы ауданы әкімінің орынбасары Руслан Идрисовтың айтуынша, бұл аймақта шаһар басшысының тапсырмасымен тұрғындарға арналған, аумағы 0,4 га болатын саябақ бой көтермек. Қазіргі уақытта жоба қабылданып, тендер өтуде. Мердігер анықталса, күн жылына жұмыс басталады. Жоспар бойынша саябақтың құрылысы қыркүйек айына қарай аяқталады.

Көпшіліктің есінде болар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығында барлық деңгейдегі әкімдерге халықпен кері байланыс орнатудың маңызы зор екенін айтқан болатын. Қала әкімі Ерболат Досаев бұл үдеден шыға білген басын. Олай деуімізге шаһар басшысының халыққа ашық қызмет көрсетуге қажетті барлық коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, қала тұрғындарымен өткізетін кездесулері дәлел. Бүгінде осындай мәселелерді шұғыл шешуге басымдық беретін жүздесулердің арқасында қалада қаншама түйінді мәселелер шешілді. Көпшілік сүйсінетін мұндай іс Алматыда әлі де атқарыла береді. Жоғарыда айтылған әңгіме де осындай кездесулердің бірінде көтерілген-ді.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРҒАН ҰСЫНДЫ

Қала билігі аталған аймақта сауда жасауға тыйым салғаннан кейін саудагерлердің жағдайына да түсіністікпен қарауды ұмытқан жоқ. Ашық алаңда сауда жасағандарға Алма-



КЕРЕК ДЕРЕК

Алмалы ауданында 6 базар бар. Соның екеуі – «Тұлпар» және «Береке» базарлары жаңғыртуға жатады.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Руслан ИДРИСОВ,
Алмалы ауданы әкімінің орынбасары:

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Ретсіз сауда бір күнде қалыпқа келетін шаруа емес. Бұл үздіксіз ескерту мен тыңғылықты қадағалауды қажет ететін жұмыс. Төле би – Дүйсенов көшелері қиылысындағы аймаққа саябақ салу мәселесін тұрғындар 5 жылдан бері көтеріп келеді. Алайда, біз тұрғындардың өтінішін объективті себептерге байланысты жасай алмаған едік. Өткен жылы тұрғындар аталған учаскедегі жер мемлекеттік қорға өткенін білгеннен кейін, олар «Орен Алматы» арқылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасымен осы аймақтағы скверді көгалдандыруға және абаттандыруға өтініш берген-ді. Барлық құжаттарды тұрғындар өздері жинап, тіркеген болатын. Бүгінде тұрғындар өтінішіне орай жоба қабылданды, қазір тендер өтіп жатыр. Қазірше бұл аймақ қоршаулы тұр. Мердігерлер анықталса, жұмыс басталады. Жақын болашақта ол жерде қала тұрғындары қыдырып, уақыттары мағналы өткізетін болады. Жоба аясында аймаққа көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, асаштар отырғызылады, гүлдер егіледі. Балаларға арналған ойын алаңдары да қарастырылған. Болашақта бой көтеретін саябақ халық игілігі үшін қызмет ететін демалыс орны болары сөзсіз. Бұл – тұрғындар талабының нәтижесі. Өйткені, саябақ көпшілікке қуаныш сыйлайды.

ты қаласының Кәсіпкерлік басқармасы «Көк базар», «Тастак», «Барыс-4» базарларынан орын ұсыныпты. Қазіргі таңда Розыбакиев көшесіндегі саудагерлердің басым бөлігі (90%) Төле би көшесінен төмен, шығыс бағытқа қарай орналасқан АЗТМ базарынан ұсынылған орынға көшіп үлгерген. Ал қалған сатушылар қазірше бұл ұсынысты қабыл алмай, Розыбакиев көшесінде сауда жасауды жалғастыруда.

Бірақ олар ҚР ӨҚБТК-нің 505-бабы бойынша «Қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандыру ережелерін бұзу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін бұзу, қала мен елдімекендердің жасыл желектерін жою және зақымдау туралы» заңына сәйкес тоқтатуы тиіс.

– Мәселені шешу үшін 55 саудагер бос жер учаскелеріне уақытша көшірілді. Қазіргі уақытта 40 адам басқа нүктелерге көшуге келісіп отыр. Ал 15 саудагермен келіссөздер жүргізілуде. Стихиялық сауда – бұл қала үшін үлкен проблема. Көше сатушылары сәл-сәл төлегілері келмейді. Базарлардағы орындардың жалдау ақысын төлеуге де қарсы. Сондықтан бұл заңсыз сауда болып есептеледі, – дейді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Нұрқасымов.

Тағы бір назар аударарлық жайтты айта кеткен жөн. Жалпы, қай өңірде болмасын, сауда орындары заң аясында ғана жұмыс істеуі шарт. Өйткені, қызмет көрсету деңгейі төмен, тазалығы сын көтермейтін заңсыз сауданың салдары сан соқтыруы мүмкін. Мұндай базарлар көлемкелі ақша айналымының ордасы болуы да мүмкін.

– Бүгінде «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-3-тармағының талаптарына сәйкес, астана мен республикалық маңызы бар қалалардың аумағындағы әмбебап базарлар 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін жаңғыртуға тиісті

болатын. Бірақ базарларды жаңғырту мерзімдерін ұзарту бойынша Мәжілісте талқылауға шығарылған соң, депутаттар базарларды жаңғыртуды ресми түрде 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартты. Қазір мерзімдерді ұзарту жобасы Сенатта қарастырылып жатыр, – дейді аудан әкімінің орынбасары Руслан Фаритұлы.

Әңгіміміз ретсіз сауда нүктелері төңірегінде өрбіген соң біз Алмалы ауданы әкімдігінен бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын да сұрадық. Әкімдік өкілінің айтуынша, Алмалы ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері аудандық полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп рейдтер жасайды. Тұрғындарға рұқсат етілмеген орындарда сауда жасағаны үшін ҚР ӨҚБТК-нің 204-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылатыны туралы насихат жұмыстары жүргізіледі.

Ендеше, қала көркін қашыратын көріністерді болдырмау үшін көше базарларын біртіндеп заманауи сауда форматына ауыстырудың маңызы зор. Қала билігі бұл мәселені дұрыс шешіп келеді.

P.S.

Көп жылдардан бері шешімі табылмай келген жергілікті тұрғындардың осынау талабын жүзеге асырып, жайма базардың орнына саябақ салуға қолдау білдірген қала әкімі Ерболат Досаевқа және халықтың аманатын орындауға атсалысып, осы жұмыстың басы-қасында жүрген аудан әкімдігінің қызметкерлеріне Алмалы ауданының тұрғындары шексіз алғысын білдіреді.

БРИФИНГ

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Әсел Бөденеева хабарлап, «Алматы электр станциялары» АҚ инвестициялық бағдарламасына енгізілген өзгертулер мегаполистегі жеке және заңды тұлғаларға арналған тарифтерге әсер ететінін айтты.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ: тарифтер өзгереді

Спикердің айтуынша, «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын іске асыру 2029 жылға дейін көзделген. Биыл коммуналдық қызметтер тарифтері орташа есеппен 6%, халық үшін шамамен, 9 пайызға өседі.

Сонымен қатар, ол өзгерістер Бірыңғай сатып алушы үлгісін енгізу және қызметкерлердің жалақысын арттырудан тұратынын атап өтті.

Орташа жеткізу тарифі қосылған күн салығынсыз (ҚҚС) 1 кВт сағатқа электр энергиясының құны 28 теңге.

Ал тұтынушылар санаттары бойынша тарифтер келесідей өзгереді:

- азаматтар үшін ҚҚС-сыз 10%-ға 25,55 теңге/кВтсағ дейін өседі;
- заңды тұлғалар үшін ҚҚС-сыз 11%-ға 29,73 теңге/кВтсағ дейін өседі;
- бюджеттік ұйымдар үшін – ҚҚС-сыз 10%-ға 32,73 теңге/кВтсағ дейін төмендейді.

– ӨМАТ (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары) өндірушілері үшін ҚҚС-сыз 28 теңге/кВтсағ.

«Электр энергиясына тарифтерді саралауды жою жөніндегі жоба шеңберінде департамент 8,7% мөлшерінде көрсеткішке қол жеткізді (орташа көрсеткіш пен халық үшін тариф арасындағы алшақтық)», – деп толықтырды Әсел Бөденеева.

Әлеуметтік осал топтарға коммуналдық тариф бойынша өтемақы төленеді

Алматыда коммуналдық қызмет тарифтерінің қымбаттауына байланысты халықтың әлеуметтік осал топтарына өтемақы төленеді. Бұл туралы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлім етті.

Спикердің айтуынша, Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 315 мың азамат тұрады. Осы тұрғындарды қолдау аясында көтерілген тарифтерді өтеу үшін өтемақы төленеді. Әлеуметтік көмек мөлшері 0,75 АЕК (2769 теңге.)

– ХӨОТ қосымша әлеуметтік қолдау шараларын көрсету және қаржылық жүктемені азайту үшін Алматы қаласының әкімдігі қолданыстағы әлеуметтік көмектің мөлшерін 2024 жылғы 1 наурыздан бастап ережелерге тиісті өзгерістер енгізе отырып, 0,75 АЕК (2769 тг) дейін арттыру көзделген. Жергілікті бюджеттен 0,6 АЕК мөлшерінде өтемақы төлеу үшін 4,1 млрд теңге бөлінді, – деп атап өтті салалық басқарманың басшысы.

Айта кетейік, төлемдерді аудан әкімдерінің аппараттары ай сайын жүргізетін болады. Осы әлеуметтік төлемді алатын ХӨОТ үшін құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді.

Мамандардың айтуынша, 2024 жылға қаржыландыру 315 мың адамға бөлінді. 26 ақпандағы жағдай бойынша 134,5 мың адам әлеуметтік көмекке жүгінді. Өтемақы мөлшерін арттыру ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін қаражатты үнемдеу есебінен төленетін болады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЖОБА

«БІР КҮНДІК КЛИНИКА»

Ана мен баланың денсаулығы маңызды

Алматы қаласында «Перинатология және балалар кардио-хирургиясы» орталығында болашақ аналарға арналған еліміздегі алғашқы «Бір күндік клиника» атты пилоттық жобаның ашылуы өтті.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

Ана мен баланың денсаулығы біздің де аландататын мәселе. Оны бір адам қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан мемлекет және қоғам болып дені сау ұрпақты өмірге әкелу, ана мен баланың өмірі үшін бірлесе жұмыс істеу қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та осы мәселеге ерекше көңіл бөлуде. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік салаға бөлінуі де бекер емес.

Ана мен баланың денсаулығы біздің үшін маңызды мәселе екенін ескерсек, бүгінгі өткен шараның қаншалықты қажет екеніне көзіміз жетеді. «Бір күндік клиника» жобасының ашылу шарасына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенова, Денсаулық сақтау ми-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

нистрлігінің Ана мен бала денсаулығын қорғау басқармасының басшысы Шакизат Халыкова, сонымен қатар «AYALA» қайырымдылық қорының коммуникация бойынша вице-президенті Наталья Еськова және «Шеврон» компаниясының қоғаммен байланыс бойынша үйлестірушісі Жанар Қошпанова қатысып, сөз сөйледі.

Сонымен қатар, шараға Астана және Шымкент қалаларынан, Түркістан, Ақтөбе, Қызылорда және Қарағанды облыстарынан денсаулық сақтау басқармасының басшылары мен дәрігерлер, генетик мамандар қатысты.

Әсем Нүсіпова өз сөзінде қала әкімінің ана мен бала денсаулығы мәселесіне ерекше назар аударатынын айтты. Әкімдік алғашқы медициналық қызмет көрсету стандар-

тын бекітті. Соның аясында бір ауруханаға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Әуезов және Жетісу аудандарында АМКК орталықтары ашылды. Алатау және Түркісіб аудандарында 4 сондай орталықтың құрылысы жалғасуда. Биыл жоғары технологиялы медициналық құрылғылармен қамтамасыз ету жоспарда бар.

Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын қорғау басқармасының басшысы Шакизат Халыкова жобаның мәні мен мақсаты жайлы егжей-тегжейлі айтып өтті. Оның айтуынша, елімізде жылына 400 мыңдай бала дүниеге келсе, соның 1%-ға жуығы мүмкіндігі шектеулі болып туылады. Ал «Бір күндік клиника» жобасы соның алдын алуға бағытталған.

БРИФИНГ

Өткен жылы оңтүстік астанада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен көрсетілген қызметтерге 140 млрд теңгеге жуық жұмсалды. Бұл туралы Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы директоры Тілеухан Әбілдаев мәлімдеді.

ТЕГІН ҚЫЗМЕТ

Алматыда МӘМС есебінен 20 млрд теңгенің операциясы жасалды

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жыл сайын медициналық сақтандыру есебінен кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология, онкология, хирургия және тағы да басқа профильдер бойынша мыңдаған операция жасалып жатыр. Мұндай операциялар күрделілігіне байланысты күнделікті қала емханалары мен ғылыми орталықтары деңгейінде де орындалуы мүмкін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тілеухан ӘБІЛДАЕВ, Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы директоры:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНА
334,2 МЛРД ТЕНГЕ БӨЛІНДІ

2023 жылы МӘМС арқылы 134 мыңнан астам операция жасалып, оған 78 млрд теңге төленген. Оның ішінде жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын операциялар мен манипуляцияларға қор 21,7 млрд теңге төледі. Сақтандырылмаған азаматтар осындай операцияларды жасататын болса қалтасынан бірнеше миллион төлеген болар еді.

Бытыр 1841 кардиохирургиялық операция, 562 нейрохирургиялық, ортопедиялық, лор-профилі бойынша 250 операция жасалған.

Кейінгі кезде артроз, артрит сынды буын ауруларының көбеюіне байланысты тізе, жамбас буындарын алмастырушылар саны күрт артқаны белгілі. 2023 жылы алматылық травматологтар осындай 4670 операция жасаған. Оған МСҚ 6,9 млрд теңге төледі.

Азға алмастыру операциялары да МӘМС пакеті арқылы қаржыландырылады.

2023 жылы құны 565,6 млн теңгеден асатын 95 трансплантация жасалды. Мұндай бір ғана отаның өзі орта есеппен алғанда 7-9 млн теңге тұрады. Осы қызметтердің бәрін сақтандырылған азаматтар МӘМС арқылы қиындықсыз пайдаланып келеді.

СЕССИЯ

МӘМС ЖҮЙЕСІ

түбегейлі өзгерісті талап етеді

«Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры Алматы қаласында «МӘМС жүйесі: проблемалар және оны шешу жолдары» атты Стратегиялық сараптама сессиясын өткізді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шараға Қуаныш Керімқұлов, Қайырғали Көнесев, Ерлан Нұрпейісов секілді отандық денсаулық сақтау саласының сарапшылары, қоғамдық және медициналық ұйымдардың өкілдері мен МӘСҚ Басқарма төрағасының орынбасары Гүлжан Шайхыбекова, Алматы қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бөлім жетекшісі Лейла Иманғалиева және Қордың аймақтық белсенділері қатысты.

МӘМС жүйесінің мақсаты – халыққа медициналық көмекті қолжетімді ету әрі мемлекетке түсетін қаржылық жүктемені азайту. Дегенмен, қазір медициналық көмектің сапасына көп қазақстандықтардың көңілі толмайды, ал денсаулық сақтау мекемелерінің өкілдері сақтандыру жүйесінің тиімсіздігін айтып жүр.

2024 жылдың 7 ақпанында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің (МӘМС) іске қосылғанына бес жыл толса да, медициналық көмектің сапасы жақсармағанын, көптеген қызметтің әлі де қолжетімсіз екендігін айтқан болатын. Президент «осы жылдар ішінде саланың бюджеті екі есеге өскеніне қарамастан, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады» деді.

Медициналық сақтандыру проблемасы, әсіресе, сақтандыру жарнасын төлеп жүрген азаматтар үшін өте өзекті. Мұны

«Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры жүргізіп жатқан әлеуметтік мониторингтің алдын ала нәтижесі көрсетіп отыр. Оған қатысушылардың 84%-ы жарна төлеп, сол үшін сапалы қызмет алғысы келетін азаматтар. Дегенмен, қазір халықтың медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі төмен:

- Респонденттердің жартысына жуығы (шамамен, 48%) жеке медицина қызметтерін пайдалануға мәжбүр, тек 35% (үштен бірі) – МӘМС полисі бойынша емделеді;
- МӘМС қызметтерін пайдаланушылардың шамамен, 25%-ы ғана сапасы жақсы, ал 45%-дан астамы нашар деп бағалайды, 20%-ға жуығы МӘМС қызметтерінің сапасын қанағаттанарлық деп санайды;
- Тек 15% жүйенің қолжетімділігін «жақсы және өте жақсы» деп бағаласа, шамамен, 30% «қолжетімсіз әрі қолайсыз» деп бағалаған, ал респонденттердің қалған үлесі жүйенің қолжетімділігі мен қолайлылығын орташа деп есептейді.
- Респонденттердің 60%-ға жуығы медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігінде оң өзгерістерді байқамағанын жазса, шамамен 15% медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы керісінше нашарлап кетті деп бағалаған.

Әлеуметтік мониторингке қатысушылар медицина саласының қазіргі проблемалары ретін



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

де төмендегі мәселелерді көрсеткен:

- Учаскелік дәрігерлердің жетіспеушілігін (сауалнамаға қатысқандардың шамамен, 40%-ы);
- Дәрігерлер біліктілігінің төмендігін (сауалнамаға қатысқандардың 30%-дан астамы);
- Тегін стоматологиялық қызметтердің болмауын (сауалнамаға қатысқандардың 40%-дан астамы);
- Заманауи медициналық жабдықтардың жетіспеушілігін (сұралғандардың 30%-дан астамы);
- МӘМС жүйесінсіз медициналық қызметтерді ала алмағанын (сауалнамаға қатысқандардың шамамен, 25%-ы);
- 12%-дан астамы – медициналық мекеменің техникалық және санитарлық жағдайының нашарлығын;
- Шамамен 10%-ы дәріханалардың қажетті дәрі-дәрмектермен нашар қамтылуын атап өткен.

Сауалнамаға қатысқандар медициналық көмекке жүгінген

кезде ең жиі кездесетін қиындықтардың қатарына мыналарды жатқызады:

- Үлкен кезектер (сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы);
- Дәрігерлердің немқұрайлылығы мен дөрекілігі (сауалнамаға қатысқандардың 30%-дан астамы);
- Бейінді маманның қабылдауына жазыла алмау (сауалнамаға қатысқандардың 25%-дан астамы);
- Тегін стоматологиялық қызметтердің болмауы (сауалнамаға қатысқандардың 40%-дан астамы);
- Дәрігерлер қабылдауының нашар ұйымдастырылуы мен колл-орталықтарының нашар жұмысы (сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі атап өткен);
- 20%-дан астамы қажетті анализдерді уақытылы тапсыру мүмкін еместігін;
- 13%-дан астамы қажетті тегін дәрі-дәрмектерді алу қиындығын;

- Шамамен 10% жедел жәрдемнің нашар жұмысын атап өтсе;
 - Шамамен 8%-ы дәрігерлер қателігімен бетпе-бет келген.
- Әлеуметтік мониторингтің алдын ала нәтижелерінің маңызды қорытындысы сауалнамаға қатысушылардың жартысы проблемалардың басты себебі – азаматтардың өз құқығын білмеуі әрі көрсетілетін медициналық қызметтер жөніндегі ақпараттың жеткіліксіздігінен деп санайды.

Стратегиялық сессияның қорытынды құжатына сарапшылардың мынандай ұсыныстары енгізілді:

- Ел азаматтарына медициналық сақтандыру түрін (ынтымақты немесе ерікті) таңдауға мүмкіндік беру.
 - Медициналық қызметтердің базасын төмендету. Бұл міндетке жаңа медициналық қызмет көрсетушілерді тарта отырып нарықтағы бәсекелестікті арттыру арқылы жетуге болады.
 - Азаматтарға кез келген медициналық ұйымда және олар үшін қолайлы кез келген жерде скрининг қызметін алу мүмкіндігін беру. Денсаулық сақтау органдары бұл қызметтерді әрбір қазақстандыққа тіркелген жері бойынша емес, кез келген емханада көрсетуі керек.
 - Жекеменшік медициналық ұйымдарға жүзінген кезде азаматтардың міндетті медициналық сақтандыру аясында жинақ ақшасын пайдалануына мүмкіндік беру.
- «Әділет және өркендеу» қоры өз жанынан Қоғамдық денсаулық сақтау комиссиясының құрылғанын хабарлады. Комиссия көтерілген барлық ұсынысты жинақтап, Үкіметтің қарауына жібереді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 29 ақпандағы № 1/1-80

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын
(жария сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69 баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 3 қарашадағы №41.6-41/1175-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сыртқы инженерлік желілерді жүргізу үшін Алматы қаласы Бостандық ауданының «Нұрлытау» шағынауданында орналасқан жалпы ауданы 0,1302 га «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесі үшін меншік иелерінен (жер иелерінен) жер учаскелерін алып қоюсыз, осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 5 (бес) жылға мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (жария сервитут) белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларын) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 1 наурыздағы № 1/1-87

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2021 жылғы 3 наурыздағы № 1/1-219: 2 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін болып белгіленсін»;

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2022 жылғы 7 қыркүйектегі № 3/314-456: қосымшадағы: реттік нөмірі 10 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

10	Кольцова Татьяна Викторовна	20-322-007-005	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 123, 1-пәтер	жалпы-0,01685 үлесі-0,0692
----	-----------------------------------	----------------	---	-------------------------------

»;

келесі редакциядағы реттік нөмірі 61 жолмен толықтырылсын:

61	Кольцов Владимир Викторович	20-322-007-005	«Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 123, 3-пәтер	жалпы-0,01685 үлесі-0,0150
----	-----------------------------------	----------------	---	-------------------------------

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 23 тамыздағы № 3/370-494: қосымшадағы: реттік нөмірі 11 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

11	Басбаев Серик Турсынбекович	20-321-068-2143	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 9	0,0400
----	--------------------------------	-----------------	--	--------

»;

реттік нөмірі 50 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

50	Имиров Азатжан Турганович	20-321-069-804	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 27	0,0765
----	------------------------------	----------------	---	--------

»;

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 3/370-524: қосымшадағы: реттік нөмірі 6 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

6	Серік Қамит, Асетбек Анар	20-322-013-593	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрпейісов көшесі, 171 Б	0,0524
---	------------------------------	----------------	--	--------

»;

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 26 қазандағы № 3/524-646: қосымшадағы: реттік нөмірі 15 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

15	Рахимова Ажарбуви	20-312-044-408	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 26	жалпы-0,0858 үлесі-0,0429
----	----------------------	----------------	---	------------------------------

»;

реттік нөмірі 17 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

17	Хушниязов Бурхандин Смаилович	20-312-044-486	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 6, 1-корпус	жалпы-0,1117 үлесі-0,1000
----	-------------------------------------	----------------	---	------------------------------

»;

реттік нөмірі 21, 22 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

21	Аметов Аркин Сыдықович	20-312-047-079	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 61	жалпы-0,1281 үлесі-0,0300
22	Кавдунова Лязатхан Абуталиповна	20-312-047-079	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 61	жалпы-0,1281 үлесі-0,0981

»;

реттік нөмірі 29 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

29	Миргиясов Ильяс Курванжанович	20-312-044-408	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 26, 1-корпус	жалпы-0,0858 үлесі-0,0429
----	-------------------------------------	----------------	--	------------------------------

»;

реттік нөмірі 53, 54 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

53	Далембаев Альбай Джетеевич	20-322-001-040	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 17, 1-пәтер	жалпы-0,1380 үлесі-0,0627
54	Чеботаев Николай Иванович, Чеботаев Максим Николаевич, Чеботаева Анастасия Николаевна, Чеботаева Тамара Павловна	20-322-001-040	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 17, 2-пәтер	жалпы-0,1380 үлесі-0,0753

»;

реттік нөмірі 59, 60 жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

59	Илеупова Райхан Бекеновна	20-322-001-050	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 22, 1-пәтер	жалпы-0,1000 үлесі-0,0400 үлесі-0,0118
60	Досанова Динара Досановна	20-322-001-050	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 22, 2-пәтер	жалпы-0,1000 үлесі-0,0182

»;

реттік нөмірі 82 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

»;

82	Абдулаев Хасенали Ахметхалиевич, Абдулаева Канымай	20-322-010-452	«Абай» шағынауданы, 364	0,0300
----	--	----------------	-------------------------	--------

реттік нөмірі 94 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

94	Досанова Динара Досановна	20-322-001-050	«Наурыз» шағынауданы, Құндызды көшесі, 22, 2 А пәтер	жалпы-0,1000 үлесі-0,0300
----	---------------------------------	----------------	--	------------------------------

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласының әкімдігі қалалық Мәдениет басқармасының басшысы
Ғани Айдарұлы Майлибаевқа анасы

Ләззат МҰХИТҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС медиахолдингінің ұжымы Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы Майлибаевқа аяулы анасы

Лаззат МҰХИТҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қазасына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің қызметкері Мархабат Шойбековаға енесі

Тұрсын ҮШТЕМІРҚЫЗЫНЫҢ

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы №87 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2024 жылғы 23 ақпанда №1755 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 21 ақпан

№87

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 23 маусымдағы №462 «Алматы қаласындағы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, сондай-ақ арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 23 маусымдағы №462 «Алматы қаласындағы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, сондай-ақ арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындау туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1622 болып тіркелген), мынадай өзгеріс енгізілсін:

қосымшадағы: 5-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«5. Заңның 9-бабы 5-тармағында көзделген объектілердің іргелес аумақтарынан кемінде 400 метр арақашықтық шекарамен айқындалсын».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы**

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы №89 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 26 ақпанда №193605 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 21 ақпан

№89

«Алматы қаласындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №50 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Алматы қаласындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №50 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

«1. Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін»;

2-тармақ алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы**

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы №88 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2024 жылғы 23 ақпанда №1754 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2024 жылғы 21 ақпан

№88

Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы №450 «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы №450 «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №900 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ережедегі:

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Атақ беру туралы куәлікке Алматы қаласының әкімі қол қояды.

Атақ беру туралы дипломға Алматы қаласының әкімі және Алматы қаласы мәслихатының төрағасы қол қояды.

18. «Алматы қаласының Құрметті азаматы» медалін, «Алматы қаласының Құрметті азаматы» төсбелгісін, Атақ беру туралы дипломды және куәлікті тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі»;

«Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы Ереженің қосымшасындағы:

3-бөлімнің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталық бөлігінде мемлекеттік тілде тегі, есімі, әкесінің есімі, негіздемесі, «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын беру туралы қала мәслихатының шешімінің қабылданған нөмірі және датасы жазылады, оның төменгі жағына Алматы қаласы әкімінің және Алматы қаласы мәслихаты төрағасының қолы қойылады және «Алматы және берілген жылы» деген жазулар орналастырылған. Сол жағындағы төменгі бөлігінің оң жағында екі кішкентай лентамен бірге Алматы қаласының елтаңбасы қиып өрнектеліп орналастырылған»;

4-бөлімнің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Медальдің бейнесі оң ішкі жағында орналасқан, оның төменгі жағында Алматы қаласы әкімінің қолы қойылады».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы**

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 21 ақпандағы №90 шешімі Алматы қаласы Әділет департаментімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2024 жылғы 23 ақпанда №1752 болып енгізілді.

2024 жылғы 21 ақпан

ШЕШІМ

№90

«Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №212 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 212 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1708 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы**

М.ОТЫНШИЕВ



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ОРАЗА КЕСТЕСІ



muftyat.kz

Рамазан
Ораза кестесі
2024

Ғижри 1445 жыл

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	04:53	06:08	12:05	16:09	17:57	19:12
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:51	06:06	12:05	16:10	17:58	19:13
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:50	06:05	12:05	16:11	17:59	19:14
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:48	06:03	12:04	16:12	18:01	19:16
5	Жұма	15 Наурыз	04:46	06:01	12:04	16:13	18:02	19:17
6	Сенбі	16 Наурыз	04:44	05:59	12:04	16:14	18:03	19:18
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:42	05:58	12:03	16:15	18:04	19:20
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:40	05:56	12:03	16:16	18:05	19:21
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:39	05:54	12:03	16:17	18:07	19:22
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:37	05:52	12:03	16:18	18:08	19:23
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:35	05:50	12:02	16:19	18:09	19:25
12	Жұма	22 Наурыз	04:33	05:49	12:02	16:20	18:10	19:26
13	Сенбі	23 Наурыз	04:31	05:47	12:02	16:21	18:11	19:27
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:29	05:45	12:01	16:21	18:12	19:29
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:27	05:43	12:01	16:22	18:14	19:30
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:25	05:42	12:01	16:23	18:15	19:31
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:23	05:40	12:01	16:24	18:16	19:33
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:21	05:38	12:00	16:25	18:17	19:34
19	Жұма	29 Наурыз	04:19	05:36	12:00	16:26	18:18	19:35
20	Сенбі	30 Наурыз	04:17	05:34	12:00	16:27	18:20	19:37
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:15	05:33	11:59	16:27	18:21	19:38
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:13	05:31	11:59	16:28	18:22	19:39
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:12	05:29	11:59	16:29	18:23	19:41
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	04:10	05:27	11:58	16:30	18:24	19:42
25	Бейсенбі	4 Сәуір	04:08	05:26	11:58	16:31	18:25	19:44
26	Жұма	5 Сәуір	04:06	05:24	11:58	16:32	18:27	19:45
27	Сенбі	6 Сәуір	04:04	05:22	11:58	16:32	18:28	19:46
28	Жексенбі	7 Сәуір	04:02	05:20	11:57	16:33	18:29	19:48
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	04:00	05:19	11:57	16:34	18:30	19:49
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:58	05:17	11:57	16:35	18:31	19:51

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Рамазан кестесін
MUFTIYAT.KZ сайты мен
MUFTIYAT APP қосымшасынан
жүктеп алыңызCall орталық 24/7
+7(707)233 30 30